**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті**
**Силлабус**
**(Adv) Адвокатура және адвокаттық қызмет**
**5B030100 - Құқықтану**
**Күзгі семестр 2016-2017 оқу жылы**

<table>
<tr><th rowspan="2">Пәннің коды</th><th rowspan="2">Пәннің атауы</th><th rowspan="2">Тип</th><th colspan="3">Аптадағы сағатар саны</th><th rowspan="2">Кредит саны</th><th rowspan="2">ECTS</th></tr>
<tr><th>Дәріс</th><th>Тәжір.</th><th>Зерт.</th></tr>
<tr><td></td><td>Адвокатура және адвокаттық қызмет</td><td>МК</td><td>2</td><td>1</td><td>0</td><td>3</td><td>5</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td>Пререквизиттер</td><td colspan="3">Мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы, құқық қорғау органдары, азаматтық құқық, ҚР қылмыстық құқығы</td></tr>
<tr><td>Дәріскер</td><td>Нұрмағанбет Ермек Талантұлы, PhD докторы, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криимналистика кафедрасының доценті</td><td rowspan="2">Офис-сағаттар</td><td rowspan="2">Кесте бойынша</td></tr>
<tr><td>e-mail</td><td></td></tr>
<tr><td>Телефон</td><td>377-33-36 ішкі 12-40</td><td>Аудитория</td><td>423</td></tr>
<tr><td>Пәннің сипаттамасы</td><td colspan="3">Қазақстан Республикасындағы адвокатура институтының даму тарихын, оның негізгі мақсаты мен міндеттерін, адвокаттың құқықтық жағдайын, оның негізгі құқықтары мен міндеттерін, адвокаттар алқасының ұйымдастырушылық құқықтық негіздерін, адвокаттың қылмыстық және азаматтық істер бойынша сотқа қатысу тәртібін оқып үйрету, қылмыстық іс жүргізу ғылымының теориялық мәселелерін зерттеу.</td></tr>
<tr><td>Курстың мақсаты</td><td colspan="3">студенттердің адвокатура институты бойынша терең білім алып, онымен байланысты заңдарды жетік біліп, құқық қорғау органдары мен соттың қызметін жетілдірудің нысандары бойынша мағлұмат беру</td></tr>
<tr><td>Оқу нәтижелері</td><td colspan="3">Білуі тиіс<br>1. Адвокатура институтының мәні мен мақсаттарын;<br>2. Адвокатура түсінігін, адвокаттық қызметтің негізгі бағыттарын, ұйымдастыру мен қызметінің қағидаларын;<br>3. Қазақстан Республикасының адвокатура институтын;<br>4. Қазақстан Республикасының адвокаттар алқасын.<br><br>Түсінуі тиіс: адвокаттық қызметтің теориялық-әдістемелік негіздерін;<br>1. адвокаттық актілерді құрастырудың мәні мен тәртібін;<br>2. Адвокатура қызметінің негізгі функцияларын;<br>3. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет қағидаларын.<br><br>Дағдылары<br>Қолдануы тиіс:<br>1. Адвокаттың құзырындағы барлық қызмет көрсету актілерді құрастыру;<br>2. тәжірибедегі мәселелерді заңға сәйкес шешу;<br>3. адвокаттық қызмет саласындағы саласындағы нормативтік құқықтық актілермен<br>жұмыс жасай білу;<br>4. сот шешімдері мен үкімдерін құрастыру.<br><br><br>Талдай білуі тиіс:</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | 1. адвокаттық қызметтің орын алып отырған жалпы мәселелерін талдау;<br>2. қолданыстағы заңнаманың олқылықтарын талдау;<br>3. адвокаттық қызметтің отандық және шет елдік тәжірибесін талдау;<br>4. құқық қолданушылық тәжірибенің мәселелерін.<br><br>**Құзыреттері**<br>**Бағалай білуі тиіс:**<br>1. Адвокаттық қызметтің заңнамалық, жалпы теориялық және ғылыми-тәжірибелік жетістіктерін;<br>2. адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы сот пен прокуратура органдарының жалпы құқықтық қажеттілігін;<br>3. құқық қорғаушылық қызметтің әлемдік тәжірибесі мен даму үрдісін;<br>4. заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтудағы сот пен прокуратура органдарының рөлін.<br><br>**Жасай білуі тиіс:**<br>1. курстың жалпы теориялық бастамаларын накты меңгеру үшін қажетті жағдайларды;<br>2. Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуді;<br>3. Қазақстан Республикасының адвокатура институтын нығайту бойынша ұсыныстар әзірлеуді;<br>4. Сот шешімдері мен үкімдерін, прокурорлық қадағалау актілерін құрастыруды. |
| **Әдебиеттер мен ресурстар** | **Негізгі:**<br>1) Алауханов Е.О., Садықов А.Ж. Адвокат - қорғаушының сезіктіге, айыпталушыға және сотталушыға білікті заң көмегің көрсетуі. Монография. – Алматы: ТОП, 2009.<br>2) Тыныбеков С.Т. Адвокатура и адвокатская деятельность РК. Учебник.- Алматы: Дәнекер, 2012.<br>3) Алауханов Е.О. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет. Оқулық.- Алматы, 2010.- 348 б.<br>4) Балабиев Қ. Қазақстан Республикасының адвокатурасы: оқу-әдістемелік құралы.- Алматы: Заң әдебиеті, 2013.- 84 б.<br>5) Мейірбекова Г. Б. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет: оқулық. - Алматы : Жеті жарғы, 2012. - 208 б.<br>6) Журсимбаев С.К. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары. Учебник.- Алматы: NURPRESS, 2010.- 400 с.<br><br>**Қосымша:**<br>1) Мухамадиева Г.Н. Қазақстан Республикасындағы адвокатура: тест тапсырмалары мен есептер жинағы : оқу құралы. - 2-ші бас. - Алматы : Қазақ университеті, 2014. - 138 б.<br>2) Адвокатура в Российской Федерации: Учебник/ Под ред. А.В. Гриненко. - М., 2010.<br>3) Адвокатура в России : учеб. пособие для вузов / Под ред. А.А. Власова, О.В. Исаенковой. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2008. |
| **Курстың ұйымдастырылуы** | Бұл теоретикалық материалдардың көп мөлшерімен жалпы танысу жүргізілетін курс, сондықтан пәнге дайындық кезінде елеулі рөл оқулық пен тапсырмалар жинағына беріледі. Үй тапсырмаларына теоретикалық және тәжірбиелік тапсырмалар беріледі. Семинар сабақтары мен СӨЖ тапсыруда алдын-ала тақырып бойынша құралған ситуациялық |

<table>
<tr><td></td><td>жағдайларды шешу ішінара жүргізіледі. Ол студентке теориялық материалды тәжірибемен ұштастырып, қолданып, танысуға мүмкіндік береді.</td></tr>
<tr><td>Курстың талаптары</td><td>1) Тиісті курсты оқу барысында студенттер барлық дәріске қатысып, алдын-ала берілген семинар сабақтарында жауап беруі керек. Төменде көрсетілген кестеге сәйкес, әрбір аудиториялық сабаққа алдын ала дайындалу керек. Дайындық, тақырып талқыланатын сабаққа дейін аяқталуы тиіс. Дәлелді себептермен семинар сабақтарына қатыспаған студенттер оқытушының рұқсатынан кейін қосымша уақытта қатыспаған сабақтарын қайталап ауызша тапсыруы керек. Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген студенттер емтиханға жіберілмейді<br>2) Пән кестесінде көрсетілгендей үй тапсырмасы бүкіл семестрге бөлінеді. Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.<br>3) Студенттер сабаққа кешікпей келуі керек, дөрекі-өрескел мінез көрсетпеуі тиіс, сабақ жүріп жатқан кезде ұялы телефондарын сөндірулі болуы керек. Сабақта толерантты болып, яғни өзгенің пікірін сыйлауы міндетті. Қарсылығын әдепті күйде білдіруі қажет.<br>4) Өзінің интеллектісін дербес дамыта білуі және ойлау қабілетін кеңейтуі үшін, шығармашылық қызметке қызығушылығы болуы керек, үздіксіз өзін - өзі жетілдіру қажеттілігі болуы қажет. Рефераттар, презентациялар студенттермен жеке жазбаша түрде орындалып, ауызша қорғалуы керек. Бағалау кезінде студенттердің сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі.<br>Үй жұмысын орындау кезінде келесі ережелер сақталуы тиіс:<br>• Үй жұмысы белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс.<br>• Оқып зерттелген нормативтік актілерді, қосымша материалдарды дұрыс қолдана және түсіндіре білулері қажет.<br>• Егер үй жұмысын өзге студентпен бірлесе жасаса, әркім нақты сұрақ бойынша (бір тапсырма) жұмыс істейтін болуы керек.<br>• Егер тапсырма бағдарлама жазуды талап етсе, оны қолмен жазу жеткілікті, компьютерге енгізудің қажеті жоқ.</td></tr>
<tr><td>Баға қою саясаты</td><td>
<table>
<tr><th>Жеке жұмыстың сипаттамасы</th><th>%</th><th>Оқыту нәтижелері</th></tr>
<tr><td>Семинарлық сабақтар<br>Студенттің өзіндік жұмысы<br>Аралық бақылау 1+2<br>Емтихан<br>ИТОГО</td><td>27%<br>24%<br>9%<br>40%<br>100%</td><td></td></tr>
</table>
Ваша итоговая оценка будет рассчитываться по формуле<br>
$\text{Итоговая оценка по дисциплине} = \frac{\text{РК}1 + \text{РК}2}{2} \cdot 0{,}6 + 0{,}1\text{МТ} + 0{,}3\text{ИК}$<br>
Ниже приведены минимальные оценки в процентах:<br>
95% - 100%: A 90% - 94%: A-<br>
85% - 89%: B+ 80% - 84%: B 75% - 79%: B-<br>
70% - 74%: C+ 65% - 69%: C 60% - 64%: C-<br>
55% - 59%: D+ 50% - 54%: D- 0% -49%: F</td></tr>
<tr><td>Оқу пәнінің саясаты</td><td>Университеттің Академиялық саясатына сәйкес үй тапсырмалары тиісті мерзімдер немесе жобалардың жеңілдететін мән-жайлар жағдайында ұзартылуы мүмкін (мысалы, ауру, шұғыл жағдайлар, апат, күтпеген мән-жайлар және т. б.). Пән үшін студенттің пікірталастарға қатысуы және сабақтардағы жаттығуларда оның жалпы бағасы ескерілетін болады. Сындарлы сұрақтар, тапқырлықпен диалогқа қатысу жақсы қасиет деп танылып, оның жалпы бағасын шығару кезінде ескеріледі. Оқытушы</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қорытынды баға шығару кезінде әрбір студенттің сабаққа қатысуын ескереді. | | |
| **Оқу пәнінің кестесі** | | | |
| **Апта** | **Тақырып атауы** | **Сағат саны** | **Максималды балл** |
| **1** | **№1 Дәріс.** Адвокатура курсының ұғымы, пәні және міндеттері. | **2** | **0** |
| | **№1 Семинар сабағы.** Адвокатура курсының ұғымы, пәні және міндеттері. | **1** | **6** |
| **2** | **№2 Дәріс.** Адвокатура және адвокаттық қызметтің жалпы сипаттамасы. Адвокатураның пайда болу және даму тарихы: адвокатураның түсінігі; адвокатура- азаматтық қоғамның институты ретінде; отандық және шет елдік адвокатураның пайда болуы мен дамуының негізгі тарихи кезеңдері. | **2** | **0** |
| | **№2 Семинар сабағы.** Адвокатураның түсінігі; адвокатура- азаматтық қоғамның институты ретінде. Отандық және шет елдік адвокатураның пайда болуы мен дамуының негізгі тарихи кезеңдері. | **1** | **6** |
| **3** | **№3 Дәріс.** Адвокаттық қызметтің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері. Қазақстан Республикасының Конституциясы- халықаралық және заңнамалық актілер адвокатура жөніндегі құқықтық нормалардың қайнар көзі ретінде. Адвокаттық қызметтің және адвокаттық қолсұғылмаушылықтың кепілдіктері. Адвокаттық құпия. | **2** | **0** |
| | **№3 Семинар сабағы.** Адвокаттық қызметтің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері. Қазақстан Республикасының Конституциясы- халықаралық және заңнамалық актілер адвокатура жөніндегі құқықтық нормалардың қайнар көзі ретінде. Адвокаттық қызметтің және адвокаттық қолсұғылмаушылықтың кепілдіктері. Адвокаттық құпия. | **1** | **6** |
| **4** | **№4 Дәріс.** Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптері. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері. | **2** | **0** |
| | **№4 Семинар сабағы.** Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптері. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері. | **1** | **6** |
| | **№ 1 СӨЖ. Адвокат- "құқық жауынгері" Эссе.** | **1** | **17** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | **№5 Дәріс.** Қазақстан Республикасындағы адвокаттардың құқықтық жағдайы. Адвокаттың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері. | **2** | **0** |
| | **№5 Семинар сабағы.** Қазақстан Республикасындағы адвокаттардың құқықтық жағдайы. Адвокаттың мәртебесі, құқықтары мен міндеттері. | **1** | **6** |
| 6 | **№6 Дәріс.** Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия. | **2** | **0** |
| | **№6 Семинар сабағы.** Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензия. | **1** | **6** |
| | **№2 СӨЖ.** Қазақстан Республикасының 4 шілде 2014 жылы қабылданған Қылмыстық-процестік кодексінің адвокатураға қатысты баптарын саралау. | **1** | **17** |
| 7 | **№7 Дәріс.** Адвокаттық қызметті ұйымдастыру. Адвокаттар алкасының ұйымдастырушылық- құқықтық мәртебесі, оның органдары. | **2** | **0** |
| | **№7 Семинар сабағы.** Адвокаттық қызметті ұйымдастыру. Адвокаттар алкасының ұйымдастырушылық-құқықтық мәртебесі, оның органдары. | **1** | **6** |
| | **Конспект тексеру.** | | **8** |
| | **Аралық бақылау 1.** | | **16** |
| | **Барлығы** | | **100** |
| | **Midterm.exam** | | **100** |
| 8 | **№8 Дәріс.** Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттер. Адвокаттардың тәртіптік жауапкершілігі. | **2** | **0** |
| | **№8 Семинар сабағы.** Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттер. Адвокаттардың тәртіптік жауапкершілігі. | **1** | **5** |
| 9 | **№9 Дәріс.** Республикалық адвокаттар алқасының құқықтық мәртебесі. | **2** | **0** |
| | **№9 Семинар сабағы.** Республикалық адвокаттар алқасының құқықтық мәртебесі. | **1** | **5** |
| | **№ 3 СӨЖ.** Адковаттың рөлі мен оның қызметі жөніндегі Халықаралық актелер. **Тұлғалық-бағдарлық.** | **1** | **13** |
| 10 | **№10 Дәріс.** Адвокаттың көмекшілері мен және онда тағылымдамадан өтушілер. | **2** | **0** |
| | **№10 Семинар сабағы.** Адвокаттың көмекшілері мен және онда тағылымдамадан өтушілер. | **1** | **5** |
| 11 | **№11 Дәріс.** Қылмыстық сот өндірісіндегі адвокаттың қызметі. | **2** | **0** |
| | **№11 Семинар сабағы.** Қылмыстық сот өндірісіндегі адвокаттың қызметі. | **1** | **5** |
| 12 | **№12 Дәріс.** Азаматтық сот өндірісіндегі адвокаттың қызметі. | **2** | **0** |
| | **№12 Семинар сабағы.** Азаматтық сот өндірісіндегі адвокаттың қызметі. | **1** | **5** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **№ 4 СӨЖ.** Адковаттардың қылмыстық және азаматтық істер жөніндегі іс құжаттарының құрылымы мен мазмұны. | **1** | **13** |
| **13** | **№13 Дәріс.** Адвокаттың кәсіби этикасы. | **2** | **0** |
| | **№13 Семинар сабағы.** Адвокаттың кәсіби этикасы. | **1** | **5** |
| **14** | **№14 Дәріс.** Сот жарыссөзі. Адвокаттың соттағы қорғау сөзінің құрылымы. Адвокаттың ораторлық өнерінін негіздері. Адвокаттың соттық сөйлеуі. | **2** | **0** |
| | **№14 Семинар сабағы.** Сот жарыссөзі. Адвокаттың соттағы қорғау сөзінің құрылымы. Адвокаттың ораторлық өнерінің негіздері. Адвокаттың соттық сөйлеуі. | **1** | **5** |
| | **№ 5 СӨЖ.** Шел елдердегі адвокатура. | **1** | **14** |
| **15** | **№15 Дәріс.** Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сотта сенім білдірушінің мүдделерін білдіру жөніндегі адвокаттың қызметі. | **2** | **0** |
| | **№15 Семинар сабағы.** Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Сотта сенім білдірушінің мүдделерін білдіру жөніндегі адвокаттың қызметі. | **1** | **5** |
| | **Конспект тексеру** | | **8** |
| | **Аралық бақылау 2** | | **12** |
| | **Барлығы** | | **100** |
| | | | |
| | **АБ 1+ АБ2** | | **200** |
| | **Midterm.exam** | | **100** |
| | **Емтихан** | | **100** |

**Факультет деканы** **Д.Л.Байдельдинов**

**Әдістемелік кеңес төрағасы** **А.А.Урисбаева**

**Кафедра меңгерушісі** **Р.Е.Джансараева**

**Дәріскер** **Е.Т.Нұрмағанбет**